

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2013 жылғы 16 шілдедегі N 19/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 тамызда N 4490 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 01 ақпандағы N 53/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 01.02.2016 N 53 /2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында, Қызылорда қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу үшін орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2011 жылғы 25 ақпандағы N 40/2-1 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылғы 11 наурыздағы N 10-1-170 тіркелген, 2011 жылғы 18 наурыздағы N 10 (795-796) "Ақмешіт ақшамы", 2011 жылғы 18 наурыздағы N 11 (1062) "Қызылорда таймс" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қалалық
мәслихатының кезектен тыс
XIX сессиясының төрағасы
Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы

Ә. МЕДЕТБАЕВ

И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ

**Қызылорда қаласы бойынша жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер
және демонстрациялар өткізу үшін орындар**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда қалалық мәслихатының
18.02.2014 N 26/3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының аумағындағы саябақ (Е. Әуелбеков көшесі, N 41).
2. М.Ералиева атындағы мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң (Ә. Қашаубаев көшесі, нөмірсіз).
3. Тасбөгет кентіндегі "Жеңіс" саябағы.